«Ақмола облысының білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша «Алға ауылының негізгі орта мектебі » КММ жанындағы «Әсем» шағын орталығының және мектепалды даярлық сыныбында анықталған кемшіліктер мен ескертулердегі олқылықтырды жою және түзету есебіне анықтама

«Алға ауылының негізгі орта мектебі»КММ жанындағы

«Әсем» шағын орталық және даярлық сынып есебіне анықтама

1. .Ересек тобында музыка іс-әрекеті аптасына екі рет оқу жұмыс жоспарында жоспарланбаған. Кіші топ тәрбиеленушіге оқу жұмыс жоспары құрылмаған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-ның 1-қосымшасы 2-тармағының 1) тармақшасына, 4-тармағының 1) және 2) тармақшаларына, МТО ҮОЖ 1 және (немесе) 2 және (немесе) 3-қосымшаларына сәйкес келмейді.

Ағымдағы 2025-2026 оқу жылында «Әсем» шағын орталықта ересек тобында музыка іс-әрекеті жоспары құрылып ,бекітілді. Аптасына екі рет музыка пәні оқу жұмыс жоспарында бекітілді. Ересек тобына музыка пәні бойынша перспективалық жоспар және циклограммасы құрылды.

Өткен оқу жылына 2024-2025 жылға кіші тобының іс-әрекет кестесі құрылды,бекітілген. Ағымдағы 2025-2026 ж оқу жылында «Әсем» шағын орталықта кіші топ тәрбиеленушілер жоқ.

ММЖМБС-ның 1-қосымшасы 2-тармағының 1) тармақшасына, 4-тармағының 1) және 2) тармақшаларына, МТО ҮОЖ 1 және (немесе) 2 және (немесе) 3-қосымшаларына сәйкес орындалды

2. 2024-2025 оқу жылы бойынша мектепалды сыныбына қыркүйек айының циклограммасының қыркүйек айының бірінші аптасынан бастап, мамыр айының соңғы аптасына дейін жазылған, алайда, қараша, ақпан айларына циклограмма жазылмағаны анықталды. Аралас топтағы кіші топ тәрбиеленушіге циклограмма және перспективалық жоспар құрылмаған.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 4-тармағы 4-тармақшасына *«4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы)»* сәйкес келмейді.

2024-2025 оқу жылы бойынша мектепалды сыныбына циклограммасы қараша, ақпан айларына толық жазылды. Бұл кемшілік есеп барысында ескеріліп, тиісті толықтырулар енгізіліп, қараша және ақпан айларына арналған циклограммалар кейіннен толықтырылды.Сонымен қатар ағымдағы 2025-2026 оқу жылында даярлық сыныпқа толық циклограмма құрылып , бекітілді.

. «Әсем»шағын орталығында аралас топтағы кіші топ тәрбиеленушіге 2024-2025 оқу жылына циклограмма және перспективалық жоспар құрылып, бекітілді.Осы құжаттар Алға ауылының негізгі орта мектеп сайтына салынды.

2025-2026 оқу жылында «Әсем» шағын орталықта кіші топ (2 жас) тәрбиеленушілер жоқ.

3.1 Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау туралы жарғының 27 тармағында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылатыны көрсетілмеген.

Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес *(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығы, Әділет ақпараттық жүйесінде № 20883 нөмірімен тіркелген)* мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған тәрбиеленушілерді қабылдау бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 13-тармағына сәйкес келмейді.

Аталған тармақта мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша балаларды қабылдаудың нақты тәртібі көрсетілген.Демек, жарғының 27-тармағында осы нормативтік құқықтық актілерге сілтеме жасалуы және сол тәртіп негізінде жүзеге асырылатыны нақты көрсетілген жоқ. Бұл талаптың орындалмауы — құжаттың заңға сәйкессіздігін білдіреді.Шағын орталыққа балаларды қабылдау Акмола кз сайтына ата-аналар өтініш береді,мектепалды сынып оқушыларын ата-аналардың өтініші бойынша қабылдайды. Тәрбиеленушілер қабылданған соң балаларды ҰББДҚ ға тіркеледі.

Шағын орталықтың тәрбиеленушілерімен медициналық қызметкерлердің жүргізген ағымдағы медициналық бақылауды, иммундау және профилактикалық тексерулерді алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету туралы ақпарат толықтырылды.

Шағын орталық тарапынан ҰББДҚ толтырылуы қаралды. 2024-2025 оқу жылы бойынша ҰББДҚ музыка, дене тәрбиесінің нұсқаушысы туралы көрсетілмеген.

Шағын орталық тарапынан ҰББДҚ толтырылды. 2024-2025 оқу жылы бойынша ҰББДҚ музыка нұсқаушысы бойынша ақпарат толтырылды, дене тәрбиесінің нұсқаушысы жоқ болғандықтан толтырылмады.

Осылайша, білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен (ұлттық білі беру деректер қоры) автоматты түрде ақпараттармен алмасу және мәліметтерді өзектендіру бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 20-тармағы 8) тармақшасына сәйкес толықтырылды.

Аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан 1-2 жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін мектепке дейінгі ұйымдардың жанынан қысқа мерзімді топтар құру бойынша ақпарат берілмеген.
Ағымдағы 2025-2026 жылда аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан 1-2 жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін мектепке дейінгі ұйымдардың жанынан қысқа мерзімді топтар құру бойынша **«Әсем» шағын орталықта** тәрбиеленушілер жоқ.

4. 2024-2025 оқу жылы аралас тобындағы ортаңғы топтағы үш тәрбиеленушіге ғана толтырылған, осылайша ересек, кіші тобындағы тәрбиеленушілерге жеке даму карталары толтырылмаған. 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына мектепалды сыныбына жеке даму карталарын ұсынылмаған.
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-ның 20-тармағына және МТО ҮОБ-ның 5-тарауы 230-тармағы мен 6-тарауына сәйкес келмейді.
2024-2025 оқу жылы аралас тобындағы ересек, кіші тобындағы тәрбиеленушілерге жеке даму карталары толық толтырылған. Өткен оқу жылы бойынша қателіктер түзетілді.
Ағымдағы 2025-2026 оқу жылында ересек тобындағы тәрбиеленушілерге жеке даму картасы құрылды. Жаңа оқу жылында «Әсем »шағын орталықта кіші топ (2 жас) тәрбиеленушілер жоқ.
2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына мектепалды сыныбына жеке даму карталары құрылды. Аталған кемшілік анықталып, қазіргі таңда түзету жұмыстары жүргізілді.
Жаңа оқу жылына 2025-2026 жылы мектепалды сыныбына жеке даму картасы құрылды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-ның 20-тармағына және МТО ҮОБ-ның 5-тарауы 230-тармағы мен 6-тарауына байланысты сәйкестендіріліп жасалды.

5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-ның 10-тармағына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың 1 және (немесе) 2 және (немесе) 3 және (немесе) – қосымшаларына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 22 *«22. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бөбек жасындағы (1-2 жастағы) және мектепке дейінгі жастағы (3-5 жастағы) балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларында айқындалады»* тармағына сәйкес келмейді.
Бағдарлама мазмұны МЖМБС-ның 10-тармағында көзделген білім беру салалары мен олардың өзара байланысына сәйкестендіріліп, 1, 2, 3-қосымшаларда көрсетілген құрылымдық талаптарға сәйкес келмейді..
Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесіне қатысты көрсетілген талаптар МЖМБС-ның 22-тармағына сәйкес қайта қаралды. Үлгілік оқу жоспарындағы сағат көлемі бөбек жастағы (1–2 жас) және мектепке дейінгі жастағы (3–5 жас) балалар үшін белгіленген нормативтермен салыстырылып, қажетті түзетулер енгізілді
«Әсем» шағын орталықта тәрбиеленушілерге 2025-2026 оқу жылына аралас топта ересек және ортаңғы топтарға перспективалық жоспар және циклограмма құрылып,бекітілді.

6 .Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің ЖОБ МЖМБС-ның 3-қосымшаның 11, 22-28-тармақтары, 2-қосымшаның 10-26-тармақтарының және бағаланатын кезеңдегі жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының (бұдан әрі – ЖББП ҮОБ) талаптарына сәйкес келмейді.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің ЖОБ МЖМБС-ның 3-қосымшасының 11, 22–28-тармақтарының, 2-қосымшасының 10–26-тармақтарының талаптары және бағаланатын кезеңдегі жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының (ЖББП ҮОБ) нормалары талданып, сарапталды.

«Әсем» шағын орталық бойынша 2024-2025 ж өткен оқу жылына кіші топ мониторинг құрылды.(бастапқы, аралық , қорытынды)

7. ЖОБ МЖМБС-ның 2-қосымшаның 27-тармағы, 3-қосымшаның 39-тармағы, 4-қосымшаның 29-тармағы, оның ішінде жоғарыда баяндалған біліктілік талаптарының тармақтары мен бөлімдеріне сәйкес келмейді.

Мектепте және шағын орталықта музыка пәнінен музыка мұғалімі Саулетхан Нурбек қабылданған. Білімі -арнайы орта, Көкшетау қ. Ж.Мусин атындағы педагогикалық колледжінің «Музыкалық білім беру» мамандығын біліктілігі «Музыкадан мектепке дейінгі және негізгі орта білім беру ұйымдарының мұғалімі» дипломы №0407091, колледжді бітірген уақыты: 12.06.2013 жыл. Жұмысқа қабылданғаны жайында метептің 20.11.2025 ж. №02-04 бұйрығы (көшірмесі берілді). Шағын орталықта 0,25 с берілді.6-сыныпта 1 сағат музыка берілді.

8. ЖОБ МЖМБС-ның 2-қосымшаның 40-44-тармақтары, 3-қосымшаның 57-60-тармақтары, 4-қосымшаның 51-54-тармақтарының талаптарына сәйкес келмейді.

ЖОБ МЖМБС-ның 2-қосымшаның 40-44-тармақтары, 3-қосымшаның 57-60-тармақтары, 4-қосымшаның 51-54-тармақтарының талаптары түзетілді
Жүргізілген талдау нәтижесінде көрсетілген талаптар бойынша қажетті түзетулер енгізіліп, ЖОБ құжатында талаптарға сәйкестендіру толық көлемде жүзеге асырылды.
2-қосымшаның 40–44-тармақтары
Аталған тармақтарда мектепке дейінгі білім беру процесін ұйымдастыруға, білім беру ортасының құрылымына, педагогтің іс-әрекетіне, күтілетін нәтижелер мен оқу қызметінің мазмұнына қойылатын талаптар айқындалады. Талдау барысында ЖОБ-та осы талаптарды толық жүргізілді.

3-қосымшаның 57–60-тармақтары
Бұл тармақтар тәрбиеленушілердің даму нәтижелерін бағалау, мониторинг жүргізу, педагогтің бағалау қызметіне қойылатын талаптар және бағалау құралдарын қолдану тәртібімен байланысты. ЖОБ-та аталған тармақтарда көрсетілген бағалау жүйесі, даму индикаторлары, бақылау механизмдері мен процедуралары толық көлемде енгізілді.
Шағын орталықта 4-қосымшаның 51–54-тармақтары бойынша
бұл тармақтар инклюзивті білім беру, ерекше білім беруді қажет ететін балалар жоқ.

Мектеп директоры: К Кауданова